

Мемлекеттік органдардың мұнай секторының кәсіпорындары бойынша ақпарат беруі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 тамыздағы N 741 Қаулысы

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2006 жылғы 1 шілдеден бастап жаңа жұмыс істеу жүйесіне көшуі жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 наурыздағы N 177 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мұнай секторының кірістер түсімдерін талдау және олардың көлемін болжау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мынадай мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңының 3-2-бабында көрсетілген мұнай секторының кәсіпорындары бойынша ай сайын ақпарат б е р с і н ;

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі - есептіден кейінгі айдың 15-күніне дейін мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі бойынша (жедел ақпарат), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті есептіден кейінгі айдың 25-күніне дейін корпорациялық табыс салығының, экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығының, жер қойнауын пайдаланушылар салықтары мен арнайы төлемдері (үстеме пайдаға салынатын салық, бонустар, роялтилер, Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөніндегі үлесі) түсімдерінің сомалары, жоспарланбаған төлемдердің сомалары бойынша;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті - есептіден кейінгі айдың 20-күніне дейін экспортталатын мұнай мен газ конденсатының көлемі, құны мен бағалары бойынша;

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі - есептіден кейінгі айдың 30-күніне дейін шикі мұнай мен газ конденсатын өндіруші кәсіпорындардың тұтастай алғанда ел бойынша және өңірлер бөлінісінде оларды өткізетін арналары арқылы бағалары бойынша жиынтық ақпарат.

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК